



## 95-ТИН СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Сегіз аят.  
Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.  
Інжірге және зәйтінге, (1) Түр Сина тауына, (2) Осы бейбіт қалаға серт. (3) Расында адамзатты көркем бейнеде жараттық. (4) Сосын оны төмендердің төменіне қайтардық. (5) Бірақ иман келтіріп, ізгі іс істегендер басқа. Оларға таусылмас сыйлық бар. (6) (Адам баласы!) Бұдан кейін саған дінді

өтіріксіндірген не? (7) Алла, үкім етушілердің ең жоғарғысы емес пе? (8)

## 96-ҒАЛАҚ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Он тоғыз аят.  
Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.  
(Бастапқы бес аят. Хыра тауында Мұхаммед Ғ.С. ға: "Оқы" деп алғаш түскен аяттар. К.Р.Х.Т) Сондай жаратқан Раббыңның атымен оқы!  
(1) Ол, адам баласын ұйыған каннан жаратқан. (2) Оқы! Ол Раббың аса ардақты. (3) Сондай қаламмен үйреткен. (4) Ол, адамзатқа білмеген нәрсесін үйреткен. (5) Сөз жоқ, адам баласы әрине азады; (6) Ол, өзін мұңсыз көргендіктен. (7) Шын мәнінде қайту Раббың жақ. (8) Көрдің бе, сондай тыйым салғанды; (9) Бір құл намаз оқыған сәтте. (Әбу Жаһил: "Мұхаммед намаз оқыса, басын мылжалаймын" деген екен. Б.Ж.К.М.Р.) (10) Көрдің бе? Егер ол (Мұхаммед Ғ.С.) тура жолда болса да, (11) Немесе тақуалықты бұйырған болса да. (12) Көрдің бе, егер ол (адам, хақты) өтіріксініп, бет бұрған болса? (13) Негізінен Алланың көріп тұрғанын білмей ме? (14) Жоқ, егер ол, бұдан тыйылмаса, әлбетте кекілінен сүйрейміз; (15) Өтірікші, күнәкардың кекілінен. (16) Сонда ол, сыбайластарын шақырсын. (17) Дереву тозақтың басқарушыларын шақырамыз. (18) Олай емес, (Мұхаммед Ғ.С.) оған бағынба, Аллаға сәжде қыл, жақында! (19)